

Көрнекті жазушы, драматург, сценарист, профессор  
ӘШІМОВ ӘКІМ ҰРТАЙҰЛЫНЫҢ (ӘКІМ ТАРАЗИ) 90 жасқа толған мерейтойы қарсаңында  
өтетін «ТАРАЗИТАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты  
халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
международной научной конференции  
«ТАРАЗИВЕДЕНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,  
посвященной 90-летию писателя, драматурга, сценариста, профессора  
АШИМОВА АКИМА УРТАЕВИЧА (АКИМ ТАРАЗИ)

MATERIALS  
of scientific conference, «TARAZ STUDIES AND TENDENCIES IN THE DEVELOPMENT OF  
KAZAKH LITERATURE», devoted to the 90th anniversary of the Writer, Professor, dramaturge,  
screenwriter ASHIMOV AKIM URТАEVICH (AKIM TARAZI)

*Ж.А.Исабекова,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты,  
Қазақстан, Алматы қаласы  
Э.С. Сейсенбиева,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, PhD  
Қазақстан, Алматы қаласы*

## **Р.МҰҚАНОВАНЫҢ «МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ НАРРАТИВТІ ҰСТАНЫМДАР**

**Аңдатпа.** Мақалада Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі нарратор, баяншының орнын анықтап, нарратордың қызметі салыстырмалы түрде талданады. Баяншы мәтінінің негізгі мағыналық қалыптастырушы және құраушы факторлары, оның негізгі бірлігін, көптеген зерттеушілердің пікірлері бойынша әуезелеушінің негізгі категорияларын айқындап көрсетеді. Нарратордың оны басқа мәтіндерден ерекшелейтін типтік ерекшеліктерін анықтау үшін баяншы мәтіндерінің сипаттамасына толығырақ тоқталып, салыстырмалы саралау жасалады. Сонымен қатар нарратордың басқа мәтіндерден айырмашылығын көрсететін типтік ерекшеліктерін анықтау үшін нарратив мәтіндерінің сипаттамасы толығырақ көрсетілген. Нарратордың негізгі категориялары туралы көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерінен мысал келтіріледі.

**Кілт сөздер:** нарратология, баяншы, әуезелеуші, дискурс нарратор.

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ әдебиеті ғылымында соңғы жылдары жаңашылдық бағыттар орын алуда. ХХІ ғасырдағы қоғамдық өзгерістерге байланысты әдеби үдерісте көптеген өзгерістер байқалуда. Атап айтар болсақ, дискурс, модернизм, постмодернизм, концепт, архетип, нарратор сияқты жекелеген ұғымдар.

Осы тұста зерттеу тақырыбымызға байланысты нарратор сөзінің шығу тарихына тоқталып өтсек. Жалпы, нарратология деген атау әдебиеттану ғылымының бір бағыты ретінде «нарратив» сөзінен шыққаны баршағы мәлім.

Әлем әдебиетінде нарратологиялық концепциялар Р. Барт, Ж. Женетт, М. Риффатер, А. Прието және орыс әдебиеттануында М.Ю.Лотманның мен Р.Якобсонның сюжеттер түзілімі (сюжетосложение) теориясы туралы зерттеу еңбектерінде жазылған.

Нарратология – баяндау мәтіндерін (нарративтерді), нарративтердің табиғатын, пішіні мен қызметін зерттейтін пән болып табылады. Нарратив ағылшын тілінен аударғанда (ағыл. және фр. – narrative) – өзара байланысқан оқиғаларды оқырман немесе тыңдарманға сөздер мен бейнелер (образ) арқылы жеткізеді. Нарративтің негізгі идеясы ретінде финалды субъективті көзқарас негізінде түсіндіру, ұғындыру болып табылады.

Орыс филологы, әдебиеттанушы Г.К.Косиков пікірінше: «Нарратив (ағылшынша: narrative) – әңгімелеу, баяндау. Ал, нарратология теориясы сюжеттік баяндаудың құрылымын (ағылш. plot, story; франц. histoire, récit; intrigue; неміс. geschichte) және сюжет түзілісінің барлық заңдылықтарын зерделейді. Нарратологияның түп негіздері Аристотельдің «фактілердің реті» түрінде қорытындыланатын «әрекетке, оқиғаға еліктеуден» («mimēsis praxeōs») туындаған «баяндау» («mythos») ілімінде жатыр».

Нарратология терминін алғаш ұлттық әдебиеттану саласындағы теориялық еңбектің авторы А.Байтұрсынов «Баяншы» еңбегінде жазған. Ғалымның пікірінше нарратор авторды әуезелеуші, толғаушы, жазушы, ақын, сарындаушы деп атаған. Автордың айтқан әуезелеуші немесе баяншы, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы нарратор, әңгімешімен тұтастықта көрінуі әлемдік көркем прозада бар тәсіл.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында Р.Барт, Ж.Женетт, М.Риффатер, А.Прието және орыс әдебиеттануында М.Ю.Лотманның мен Р.Якобсонның, Б.Шмидтің еңбектерімен қоса, А.Байтұрсынұлы, Т.Есембеков, Ж.Дәдебаев және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізге алынды. Сондай-ақ ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін герменевтикалық, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Қазіргі нарратология ғылымының көрнекті өкілі, американдық тарихшы әрі әдебиет сыншысы Х.Уайт нарративті құрылым түсінігін, оның ішінде тарихнамалық дискурс мәнін, құрамына интриганы қоса отырып, барынша кеңейтті. Ол: «Интрига құрылымы мағына тарихының сомдалуында, оны құрайтын оқиғаларды «тұтас, бәрін қамтитын немесе архетиптік пішінде» түзетін баяндау арқылы біріктіру жолымен жүзеге асырылады», – деген тұжырымды ұсынады. Француз, литва лингвисті және

әдебиеттанушысы А.Ж.Греймас пен Ж.Курте нарративтілікті «кез келген дискурстың суреттеу ғана емес, ұйымдастырушы принципі де» деп айқындайды.

XX ғасырдың 60–70-жылдарынан бастап А.Данто, М.Бахтин, Ж.Женнет еңбектерінде нарративтілікке қатысты көптеген пікір-тұжырымдар талқыға түсіп, әдебиетте жаңа термин ене бастады. Тіптен В.Тюпа нарратологияның ең басты мәселесі мүмкін, А.С.Дантоның сөзінен тұжырымдалған болар деген де пікір айтқан. Дәлел ретінде айтсақ: «Барлық әңгімелеу – бұл дегеніміз оларды бір-бірімен жіктеп, топтастыратын және кейбірі жеткіліксіз сипатта болғаны себепті шығарылып тасталатын оқиғаға бағынышты құрылым». Француз әдебиеттанушысы Жеррар Женетт өзінің 1972 жылы шыққан «Нарративті дискурс» атты еңбегінде ішінара баяндау теориясына тоқталып өткен. Ғалымның ойынша: «Нарратив тұрғысынан саралағанда, баяндау оқиғада айтылатын тарихпен тығыз байланыста жүзеге асырылады». Нарратив термині әсіресе постмодерн дәуірінде көп қолданысқа түсіп, бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымында бұл термин «баяндау» немесе «сюжет» ұғымдарының орынына қолданылуда.

Нарратология — баяндау теориясы, әдебиеттанудың бір саласы ретінде немесе мүмкін болатын барлық «нарративтің» жалпы құрылымын ашуға ұмтылатын, яғни кез келген жанрдың және кез келген функционалдылықтың баяндалатын шығармаларды ашуға ұмтылатын ерекше жалпы гуманитарлық пән ретінде қарастырылады (В.Шмид). «Мәтінде оқиға болған күннің өзінде, сюжетсіз ол еш нәрсе емес. Мәтіндегі оқиғаларға жан бітіру үшін, міндетті түрде сюжет қажет» [1] - деп ғалым В.Шмид айтқандай көркем шығарма немесе туынды жазушының жанын беріп жазған қажырлы еңбегі, жан толғанысы, қоғамдағы әлеуметтік тұрмыстық-жағдай және т.б. Әдебиетте өмір шындығынан шығарма жазу, оны оқырманның қабылдауы үлкен еңбекті талап етеді. Шығармада өмір шындығын жазу бір алды, оны белгілі бір кейіпкер арқылы жеткізу, сол шындықты өз ойыңмен баяндап беру мүлде бөлек дүние. Шығармада өмірде бастан кешкен оқиғаларды айна қатесіз тізбектеп кейіпкер жасау бұл авторлық шеберлік болып табылады.

Қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде жазушы психологиялық тақырыпта жазылған әңгімелер өзіндік ерекшеліктерімен дараланып тұрады. Сондай талантты жазушының бірі Роза Мұқанованың психологиялық тақырыпта жазылған «Құбыжық» (2002), «Қаралы төбе», «Өзін», «Тұтқын» (2003), «Композитор», «Мұқағали», «Мәңгілік бала бейне» т.б. әңгімелерін атауға болады. Жазушы Жүсіпбек Қорғасбек Р.Мұқанова туралы былай деген: «Роза Мұқанова шығармаларын адамның жанына үңілуден туындатады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар табады» [2, 4].

Жазушының «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің кейіпкері Семей полигонынан зардап шеккен қыз – Ләйлә. Шығарманың бас кейіпкерінің прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны. Адам қолынан жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардап шегуші де адам. Әңгімеде жаны жаралы, мәңгілік бала бейнесіндегі Ләйлә көбінде аймен сырласып, ішіндегі бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтады. Мәтіндегі нараторлар қызметі көркем шығармадағы оқиға желісінің «шекараларын» белгілеуде ерекше орын алады. Мәселен, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі баяншы мен әңгімешінің сюжеттік құрылымдағы орнын былайша анықтаймыз: әңгіменің кіріспесінде, Ләйләнің аймен сырласуынан хабар беріледі. Оны айтушы – баяншы, болмаса сол баяншылық міндетті атқарушы шығарманың авторы. Нарратор оқиғаның басында Ләйләнің бар қасіретін оқырманға былай таныстырады:

«Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады. «Жапан түзде жүрген неғылған жан?» - дейді қыз-көңіл алабұртып. «Мен адамдар әулетінің рухымын», дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толыңсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей апшақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйла-қызбен, быт-шыл болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей қиғаштай шалқайып керіліп жатып алатын... Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп- әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...» [3,119]. Нарратор берілген үзіндіде Ләйләнің не себепті аймен тілдесетіні туралы айта отырып, Ләйләнің сырт сипатын толық суреттеумен қатар, табиғатты да, бүкіл қасірет шеккен Қарауыл ауылын сипаттап, баяндайды.

М.Б.Храпченко: «Ішкі монолог адамдардың рухани жан дүниесін жаңғырту құралы» [4, 112], – деп кейіпкер мінезін сомдаудағы негізгі қызметін атап көрсетсе, ғалым Б.Майтанов: «Қаһарман санасындағы стихияны таныту арқылы өмірді түрлі аспектілерде кең бейнелеуге негіз болады» [5, 56], – деп кейіпкердің көркемдік сипатына тоқталып өтеді. Жалпы ішкі монолог көркем проза үшін ең басты көркемдік құрал болып табылады. Жазушы Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде Ләйләнің ішкі монологы арқылы шеберлігін танытқан. Әңгіменің бас кейіпкері Ләйләнің мұң-зары, жан сыры арқау болған. Автор Ләйләнің жан баласына ашылып айта қоймайтын жан сырын монолог арқылы шебер бейнелейді. Әңгімеде былай суреттеледі:

«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз баламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан» - дейді» [3, 119] - деп қамығады. Әңгімедегі нарратор Ләйләнің монологы арқылы беріледі.

Жалпы, лиризмді басым шығармаларда нарраторлық қызмет оқиғаларды одан ары өрбітіп, шиеленістіріп, шешімін табуға жол ашады. Нарратор (әңгімеші сипатындағы) шығарма кейіпкерлерімен біте қайнасып жатады. Көркем шығармадағы кейіпкердің сөзін автордың сөзі деп айта алмаймыз, сол сияқты нарратордың да сөзін автордың сөзі деп қарастыруға болмайды. Бұл – қарапайым әдеби сын заңы. Нарратор мен авторды шатастыру «кешіруге болмайтын» үлкен қателік екенін Генри Джеймс те айтып кеткен болатын.

«Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ. Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде, өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермеп кекке көтерді» [3, 119].

Сөйтіп, әуелгі суреттелетін оқиға Ләйләнің аймен сырласуы болса, әрі қарайғы оқиға желісі нарратордың айтуымен беріледі. Осы арада М.Бахтиннің мына сөзін келтіре кеткен орынды болар: «Біздің алдымызда екі уақиға тұр, бір уақиға – туынды туралы айтылғаны да, енді бірі – айтылған әңгіменің өзі (осы соңғысына біз өзіміз де тыңдаушы-оқырман ретінде араласамыз); бұл уақиғалар әртүрлі уақытта (ұзақтығы жағынан да әртүрлі), әр түрлі жерде өтеді және сол уақытта біз толыққанды туынды ретінде тани алатын біртұтас, бірақ күрделі уақиғаға бірігеді. Біз бұл толыққандылықты оның тұтастығы мен бөлшектенбейтіндігі деп қабылдаймыз, бірақ сонымен бір мезетте оны құрайтын сәттердің барлық айырмашылықтарын да түсінеміз». Әңгімеші мен баяншы нарратордың балама пішіндері. Көп жағдайда біреуі болмаған мәтінде міндетті түрде екіншісі болады. Ал, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде екеуі де бар. Әңгімеші – болып өткен оқиғаның жай ғана бақылаушысы да, белсенді әрекет етушісі де болуы мүмкін. Ләйлә – әрі әңгімеші, әрі сол өзі айтқан оқиғаның куәгері, қатысушысы.

«Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қимай ұзақ аймаласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елендеп, алшақтап қашып бара жатты. Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалпы айрылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына біткен күш-қайрат мүлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сәулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың әсері ме, қыз көзінің сәулесі азайып кеткендей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауға тырысып еді, қозғалтпады. Ләйлә-қыз мұңайып жанарын бір жұмып, дем алып тағы ашамын деген, бірақ... Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік: Бірі - жер баласы, бірі - түн баласы» [3, 119].

Баяншы Ләйлә арқылы туған жері Қарауылдың ащы болмысы мен әлеуметтік жай-күйін баяндайды. Әңгіме соңында Ләйлә атомның әсерінен емес, адам баласының ісінен өз өмірімен қоштасады. Қоғамның лас әрекетіне шыдамаған жүрегі таза Ләйләмен бірге оның Қарауылының рухы, ұлты өледі.

Қазіргі қазақ прозасында баяндаудың да, бейнелеудің де тілі өзгеше. Ұзақ сонар мәтіндер тыңдарманын тартпайды, ол қазіргі уақыт талабы. Мүмкіндігінше ықшам, нақты, әрі сенімді шығармалар бүгінгі күні маңызды. Осы орайда Р.Мұқанованың шығармалары уақыт сұранысына сай хикаяттың өзі сол деңгейден шығып отыр.

**Қорытынды.** Оқиғаны өз атынан баяндайтын әңгімелеуші композицияның негізі болуымен бірге монологтың сан түрлі мүмкіндігін айқындай түседі. Монолог иесі ретіндегі әңгімеші оқиғаларды бағалап қана қоймайды, сонымен бірге іс-әрекеттерді өзінің ой тізгінінен өткізіп, оған поэтикалық өзгеріс енгізе отырып бейнелейді. Ішкі монологтың өз кернеуінен асып, күллі оқиғаның «сыртына шығуы» әңгімеші-нарратордың қызметіне ғана тән құбылыс. Себебі оның баяндауында күллі оқиға кейіпкердің сезінуі арқылы өрілген. Сол себепті де Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің тілі көркем, ерекше бейнелеулермен байытылған. Жазушы айшықтаған бейнелерде жай ғана сипаттаудан әлдеқайда күштірек терең мәнді, сан қатпарлы, қыры мен сыры мол болмыс дараланады.

Талантты да талапшыл жазушы Р.Мұқанованың шығармалары қазақ әдебиетіне Бану, Ләйлә, Ұркия, Жамал, және т.б. кейіпкерлері арқылы естен кетпес образдарды әкелді. Жазушы өзінің биязы да мәдениетті шығармаларымен қазақтың әдеби тілін байытып, ірі-ірі кейіпкерлерімен ұлттық прозамыздың интеллектуалды деңгейін көтеруге зор үлес қосып келеді.

Демек, Р.Мұқанованың нарративті шығармалары бүгінгі өмір, заман шындығын кәсіби шеберлікпен бейнелеуі нәтижесінде тек қазақ әдебиетінің сөз өнері кеңістігінен ғана емес әлем әдебиетінен де өзіне тиесілі заңды орынға ие деп айта аламыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – с. 312.
2. Қорғасбек Ж. «Мәңгілік бала бейнені іздеу» // «Түркістан» газеті, №19. 2014.
3. Мұқанова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.2. — Алматы, 2008.
4. Храпченко М.В. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. Москва, 1972. – С. 242.
5. Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
6. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен хикаяттар. — Алматы: Жазушы, 2014, — 328 б.
7. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
8. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
9. Пірәлиева Г.Ж. Түс көру табиғаты оның көркем әдебиеттегі рөлі. Алматы: Алаш, 2004. – 260 б.
10. Атымұмов М. Прозадағы психологизм. // Дәстүр және жаңашылдық. Алматы: Ғылым, 1980. – 367 б.

### **NARRATIVE PRINCIPLES IN THE STORY «ETERNAL BABY IMAGE» BY ROSA MUKANOVA**

Annotation. The role of the narrator in Rosa Mukanova's story «Eternal Baby Image» is determined and the function of the narrator is comparatively analyzed. The main meaning-forming and component factors of the content of the narrator, its main unity, as well as the main categories of the narrator are identified according to many researchers' opinions. To determine the typical characteristics of the narrator that differentiate from other contexts, the comparative differentiation is carried out while concentrating on the description of the narrator's content in detail. In fact, these concepts are used interchangeably in the literature because they describe very similar phenomena. The article describes the description of narrative content in detail to determine the typical characteristics of the narrator that distinguish them from other contents. In addition, examples of the opinions of many national and foreign researchers about the main categories of the narrator are provided.

Key words: narratology, narrator, melodist, discursive narrator.

*Сейтқазы Е.Қ.,*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторнаты  
Қазақстан, Алматы қаласы*

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Жамбылтану ғылымы уақыт өткен сайын жаңарып, жаңа деректерге толығып, зерттеушілердің қатары көбейіп келе жатқан сала. Жамбыл шығармашылығының сан алуан қыры бар. Ақынның жас кезіндегі өлеңдерінен қайтыс болар уақытқа дейінгі аралықтағы шығармашылығын зерттеуді қажет ететін қаншама тұстары мен жаңалығы бар. Туған халқының сүйікті ақыны атанған Жамбылдың шығармашылық еңбектерін зерттеу, зерделеу мәселесі ерте кезден-ақ қолға алынған еді. Қазіргі уақытта да әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің қатарынан түскен емес.

## МАЗМҰНЫ

<b>Пірәлі Г. Ж.</b> Ә.Тарази шығармаларындағы психологиялық талдауды ұйымдастыру формалары мандаралық стилі .....	3
<b>Жемиле Кынажы Баран</b> Қазақ жазушысы Әкім Таразидің әдеби шығармашылығы және Түркиядағы Әкім Тарази туралы еңбектер .....	10
<b>Оразов Б.</b> Әкім Тарази шығармаларындағы дәуір шындығы .....	12
<b>Иманғазин М.</b> Әкім Тарази шығармаларындағы драмалық сипат .....	14
<b>Мұхамадиев Д., Бегманова Б.</b> Ә.Тарази және қазақ драматургиясындағы экология тақырыбы .....	15
<b>Мұсаев А.</b> Заман шындығының шырақшысы .....	18
<b>Жұбатқан М.Ы., Тұяқбаев Ғ.Ә.</b> Желілес топонимдік аңыздардағы 40 саны .....	23
<b>Сарбасов Б. С.</b> Оралхан Бөкей повестеріндегі замандастар бейнесі .....	27
<b>Солтанаева Е.М.</b> Әкім Тарази шығармаларындағы күрес .....	30
<b>Шортанбай Ш.А.</b> Дулат Исабековтің туындыларындағы ұлттық болмыс .....	31
<b>Саргелтаева А. Қ.</b> Әкім тарази драматургиясының стиль ерекшеліктері .....	33
<b>Өміржанова Ж. Т.</b> Өлең өрнегіндегі ұлттық нақыштар .....	36
<b>Калыбекқызы С.</b> Бексұлтан Нұржекеев: «махаббат» дегеніміз – әйел баласы .....	39
<b>Тойбазар А.М.</b> Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романындағы Әуезов бейнесінің көркем жинақталуы .....	41
<b>Бақ С. К.</b> Мейірхан Ақдәулетұлының поэзиясындағы жалғыздық сарыны .....	44
<b>Исабекова Ж.А., Сейсенбиева Э.С.</b> Р.Мұқанованың «мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі нарративті ұстанымдар .....	47
<b>Сейтқазы Е.Қ.</b> Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жамбылтану мәселелері .....	50
<b>Трушев А. Қ., Нажмиден А.Б.</b> Т. Әбдікұлының «Оң қол» әңгімесіндегі постмодерндік құбылыстар сипаты .....	53
<b>Тойбазар А.</b> XX ғасыр басындағы қазақ фольклортану ғылымы .....	56
<b>Түрдәлі Т.</b> Қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру .....	59
<b>Рустемова А.</b> Қазақтың дәстүрлі әнші-ақындары шығармашылығын оқытудың әдістемелік негізі .....	62
<b>Маратова Ә.</b> Шоқан Уалиханов шығармаларын мектепте оқытудың заманауи әдістері .....	65
<b>Сәрсенбек Н. Ы.</b> Алтынсариннің әңгімелерін оқыту әдістері .....	67
<b>Ибраева П. У., Искакова М. У.</b> Эпостағы диалогтың ұлтты тану концептісі .....	70
<b>Жапишева Ғ. Қ.</b> Мектеп оқушыларына ертегі жанрын оқытуда қолданылатын әдістер .....	73
<b>Оспанбаева Н.Ә., Мәтбек Н. Қ.</b> Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың тиімді әдістері .....	75
<b>Тұрсынбек Б.Н.,</b> Әңгіме жанрын оқыту әдістемесі .....	78
<b>Полатбек Г. Ж., Мамбетов Ж.О.</b> Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасын орта мектепте оқытудың тиімді әдістері .....	81
<b>Молдахали А.,</b> Фантастика жанрындағы шығармаларды оқыту әдістері .....	84
<b>Тлебалдина Н.Қ., Акманова Ғ.Р.</b> Көркем шығарманы меңгертуде оқылым стратегияларын қолдану .....	86
<b>Мұралқан А.</b> Сөз этикетінің тілдік қызметтері .....	89
<b>Есентүгел А.</b> Ығыстық-қисса дастандардың жанры және нәзира дәстүрі .....	92
<b>Жанбота Ә. Б.</b> Мақал-мәтелдердің тілдік ерекшелігі .....	95
<b>Нусипова Ж. Д.</b> Абайдың адамгершілік туралы нақыл сөздері .....	98
<b>Сапарова А.И.</b> Қазақ прозасындағы музыка мен әдебиеттің өзара байланысының интермедиялық аспектісі .....	100
<b>Раймбекова З.К.</b> Жаңылтпаштың сыры мен сипаты .....	103
<b>Даулетбекова Г.Е.</b> Мақал-мәтел – халық қазынасы .....	104